Пятый шаг – расписание Дня единого текста. Оно должно быть составлено таким образом, чтобы первым уроком у всех учеников в параллели был урок русского языка. Именно на этом уроке осуществляется кропотливая работа с текстом: определяются тема и основная мысль, выделяется главная и второстепенная информация, идет работа с лексическим значением определенных слов, терминов или понятий и т.д. А дальше на уроках математики, биологии, истории или других предметах учителя предлагают ученикам определенные задания по прочитанному тексту. Но чтобы выполнить эти задания, надо внимательно читать текст, «прислушиваться» к каждому слову, потому что или одно слово, или одно словосочетание даст подсказку, поможет решить задачу.

Если текст выбран большой, то желательно, чтобы он был прочитан до уроков. Тогда надо найти способ, как этот текст донести до учеников. И здесь существуют варианты:

1) текст размещается в информационном образовательном пространстве образовательной организации.

2) текст размещается в рекреациях образовательной организации таким образом, чтобы с ним могли познакомиться все ученики.

Кроме этого, издается приказ директора о проведении Дня единого текста: точной дате, времени работы, ответственных и об особом режиме работы образовательной организации в этот день.

День единого текста, апробированный в лицее № 86 города Ярославля и Левобережной средней школе города Тутаева Ярославской области, показал эффективность совместной деятельности учителей. Об этом говорят результаты диагностики по сформированности читательской компетентности, проводимой Центром оценки и контроля качества образования Ярославской области (лицей № 86 занимает лидирующую позицию).

День единого текста можно рассматривать с разных позиций. Во-первых, в качестве итогового контроля (мониторинга/диагностики). В такой форме можно проверить сформированность метапредметных результатов. И организовывать его можно два раза в год: в декабре и в апреле–мае. Во-вторых, в качестве отдельного мероприятия в рамках, например, проекта «Научи меня читать». В-третьих, как одно из

мероприятий воспитательной работы. Вариант такой работы можно увидеть в средней школе № 69 города Ярославля, где разработана система единых классных часов. Текст подбирается один для всех классов, а форма проведения — в соответствии с возрастными особенностями обучающихся. Это могут быть игры, экскурсии, круглые столы и т.п.

Самым важным при организации и проведении является анализ каждого мероприятия, внесение необходимых корректировок в подготовку или организацию.

### **Литература**

1. Гальперин, И. Р. Текст как объект лингвистического исследования — [Электронный ресурс] — Режим доступа: <http://linguistics-online.narod.ru/index/0-337>. Проверено 25.10.18
2. Киселева Н.В. Смысловое чтение. День единого текста: подходы к разработке, организации и проведению: учебно-методическое пособие / Н.В. Киселева. — Ярославль : ГАУ ДПО ЯО ИРО, 2018. — 65 с. — (Федеральные государственные образовательные стандарты)
3. Клычникова, З. И. Психологические особенности восприятия письменной речи (психология чтения) [Текст] : автореф. дис.... д-ра психол. наук. — М., 1975.
4. Примерная основная образовательная программа образовательного учреждения. Основная школа / сост. Е. С. Савинов. — М.: Просвещение, 2011. — 342 с. — (Стандарты второго поколения).
5. Учимся успешному чтению. Рекомендации учителю. 5–6 классы: пособие для учителей общеобразоват. организаций / Т.Г. Галактионова, Е.М. Красновская, Я.Г. Назаровская, С. А. Ширяева. — М.: Просвещение, 2014. — 96 с. — (Работаем по новым стандартам).
6. Формирование универсальных учебных действий в основной школе: от действия к мысли. Система занятий: пособие для учителя / А.Г. Асмолов, Г.В. Бурменская, И.А. Володарская и др.; под ред. А.Г. Асмолова. — М. : Просвещение, 2010. — 159 с.: ил.
7. Цукерман, Г. А., Ковалева, Г. С., Кузнецова, М. И. Победа в PIRLS и поражение в PISA : судьба читательской грамотности 10–15-летних школьников // Вопросы образования. — 2011. — № 2. — С.123–150.

Қарағанды қаласы, «№93 гимназия» ҚММ  
sholpan smag@mail.ru, kuandyk zhansaya@bk.ru

## ОҚУШЫЛАРДЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ

**Аннотация.** Мақалада математиканы оқытудың негізгі мақсаттарының бірі - адамның ойлау, ой тұжырымдау, абстрактілі нысандармен жұмыс істей білу қабілеттерін дамыту екендігі туралы айтылады. Сонымен қатар, мектеп оқушыларының математикалық қабілеттерін дамытудың өзектілігі мен мәселелеріне арналған. Мұғалімнің оқу-тәрбие жұмысының әртүрлі әдістері, түрлері мен формалары сипатталған, олар арқылы жоғары нәтижелерге қол жеткізуге болатыны айтылады. Өзіміздің тәжірибемізде оқушыларды түрлі мазмұнды есептерді шығаруға, оның шартын құра білу дағдысын қалыптастыруға, бір тапсырманың бірнеше шешімін табуға жетелдіру жолдарын ұснынамыз.

**Түйінді сөздер:** интернет, логика, шығармашылық, ойлау қабілеті, ізденіс, математикалық білім.

Егеменді еліміздің жарқын болашағы болар жас үрпақ-бүгінгі мектеп оқушысы. Жас үрпақ тәрбиесі қай заманда болмасын уақыт сөресінен түскен жоқ. Алаштың ардақты ұлы А.Байтұрсынов «Бала білімді, тәрбиені өз бетімен алуы керек. Ал мұндағы мұғалімнің қызметі – балаға орындалатын жұмыс түрлерін шағындан беру және қойылған мақсатқа жету үшін бағыт-бағдар беріп отыру»-деп жазды. Осы пікірлердегі ортақ идея – ұстаздың ізгіленуі және үндестігі.

Қоғамның ой-санасының өсуі, жаңа сапалық деңгейге шарықтау кезеңі, еліміздің егемендік алып, әлемнің өркениетті елдерінің қатарына қосылуы жаңа заман жастарынан жаңашылдықты, ізденімпаздықты талап етеді. Бұл орайда математика пәні басты мәнге ие. Қазіргі кезеңдегі мектеп математикасында әлі шешімдері табылмаған мәселелер аз емес. Солардың бірі – оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, кітапқа, оқуға, білім алуға деген құштарлықтарын арттыру. Оқушының жеке тұлғасын, рухани әлемін, ынталы мен логикалық ойлау қабілетін дамыту — бүгінгі күннің негізгі мәселелерінің бірі. Себебі, оқушылар өз бетімен ізденіп жұмыс істеуге, өз бетінше білімді тәжірибеде, өмірде пайдалануға дағыланбаған. Сондықтан көп жағдайда оқушылардың өз күшіне сенімін арттыру, шығармашылық қабілетін дамыту үшін сабак та әр түрлі, жан-жақты болуы керек.

Оқушылардың жеке ойлау қабілетін дамыту үшін олардың өзіндік күш-қуаты мен сенімін арттырып, қолынан келетін көп істердің мүмкіндіктеріне бағыт берген азсал. Логикалық жаттығуларды орындау баланың ақыл-ойын, қиялышын, ой ұшқырлығын дамытады.

Математикада логикалық есептерді жүйелі жүргізіп отыру, оқушылардың тыңдау қабілеттерін дамытып, ойлау дағдыларын қалыптастырады және математикалық сауаттылықтарын жетілдіреді. Оқып үйренуге арналған жұмыстар сыныпта орындастырылғанда оқулықтағы тақырыптық жаттығуларды толықтыруға арналады. Оқушыларға шығармашылық тапсырмалар беру арқылы оқушының ойлау қабілетін тереңдетуге болады. Жалпы логикалық ойлауды дамыту дегеніміз барлық логикалық ойлау операцияларының арнайы жүйелі түрде қалыптастыру.

Математика мектеп курсының негізгі пәндерінің бірі бола отырып, үлкен техникалық прогресске байланысты ерекше мәнге ие болды.

Математикалық әдістер және математикалық ойлау стилі адамның барлық өміріне енеді. Егер бұрын ерекше дарынды балаларды іріктеу туралы сөз қозғалса,

онда кең математикалану салдарынан бұқаралық мектепте математикалық қабілеттерді диагностикалау қажеттілігі пайда болды.

Математика бойынша терендетіп оқытатын сыныптар 8-11 сынып оқушылары үшін құрылатынын, ал дарынды балаларды дамыту бойынша жұмыс осындағы балаларды "жоғалту" қаупі бар 5-6 сыныптарда басталуы тиіс. Осы жерден математикаға жоғары қабілеттілікті көрсететін оқушыларды дер кезінде анықтау туралы сұрақ туындаиды.

Қабілеттер мәселелерін зерттеуге белгілі психологияр Б. Г. Ананьев, С. Л. Рубинштейн, Н. Ф. Талызина, Б. М. Теплов, В. Д. Шадриков және т.б. елеулі үлес қости [8, 322 б]. Психолог Ж.Аймауытов пікірі бойынша: бала мейлі жақсы, мейлі жаман іс болсын, әйтеуір бірдеме іс істеуі керек. Ештеңемен айналыспаған адамның жан дүниесі жөнді жетілмейді деп ой айтса, белгілі психолог А.Н. Леонтьев адам психологиясы тек іс-әрекет үстінде дамып отырады дейтін тұжырым жасады [7, 304 б].

Психологиярдың көпшілігі белгілі бір қызметті тез және жеңіл менгеруге, үлкен табысқа жетуге мүмкіндік беретін жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктері деп санайды.

Әрбір оқушы математикаға сауатты болуы үшін тәмендегі мақсаттарды жүзеге асыру тиіс:

1. математика іс-әрекет сипатына сай логикалық ойлауды қалыптастыру;
2. математикалық білімді игеру мақсатында тәжірибеде қолдану;
3. болмысты, табиғат пен қоғамды тануға қажет математикалық мазмұнда ойлап, сөйлей алуы қажет;
4. қойылған сұраққа немесе есептің жауабына дәл (жылдам, сенімді және дұрыс) жауап беруге дағылану, ұмтылу;
5. қоғамдық өмір практикасында қажетті математикалық ойлауды қалыптастыру.

Солардың бірі — балалардың шығармашылық іс-әрекетке бейімдеу мақсатын көздейтін, «Атамұра» баспасы бойынша оқулықта жасыл түсті қоршауға, ал «Алматықітап» баспасы бойынша әр сабакта қалыптан тыс және қызықты жаттығулар, шығармашылық деңгейге арналған логикалық есептер, тапсырмалар беріледі. Ол жаттығулар негізінен балалардың логикалық ойлау қабілетін, ақыл-ойын дамытуды көздейді. Ондай жаттығуларды орындау барысында оқушылар мазмұнға сәйкес объектілерді бақылайды, байқайды, салыстырады; сондай-ақ әр алуан ақыл-ой іс-әрекеттерін орындаиды, практикалық жұмыстар жүргізеді, зерделілік білдіреді, ізденеді, болжам айтады және оны негіздел беруге немесе дәлелдеуге талпынады, математикаға деген қызығушылығын, ынта-ықыласын тудырады.

Шығармашылық жұмыстар математикалық біліммен қатар күнделікті өмірде кездесетін әртурлі жағдайға байланысты болғаны дұрыс. Сондықтан есептерді оқушылардың байқаыштығын, ойлауын, қиялын дамытуға негіздеймін. Баланың ойлау қабілетін оқу мен жазу арқылы дамыту барысында олардың логикалық есептер, кестелер, суреттер, ребустар, сөзжұмбақтар, анаграммалар, оқулық-дәптермен жұмыс істеу іскерліктері де артады. Нәтижесінде оқушылардың өзін-өзі бақылау, бағалау, сөйлеу, тыңдау қабілеттері жетіледі. Оқушылардың математика сабағында шығармашылық қабілеттерін дамытудың стратегиялары өте көп. Ол іс-әрекеттер оқушыларды еркін ойлауға, ақыл-ойын дамытуға, шығармашылық белсенділігін арттыруға талпындырып, ұжымдық іс-әрекетке тәрбиелеуге, басқаларды тыңдай білуге, қарым-қатынас жасауға, ел алдында өз ойын еркін айтуда жұмыстары жеке – жүппен – топпен атқарылады. Бұл кезеңнің оқушыға қоятын

талаңы жоғары. Сондықтан да окушы сапалы білім мен шығармашылығын үштастыра білу керек. Мектептегі оқу процесінде окушылардың шығармашылық қабілеттерін қалыптастырып, дамытуда математика курсының алатын орны ерекше. Сонымен қатар, дарынды балалардың математика сабағында жаңа ақпараттық технологияны, интернет жүйесін қолдануы, шығармашылық ізденістері өзіндік қабілеттерін ашып қана қоймай, жеке бір салаларды дамытады.

Осындаған ой шеберлігін шынықтыратын тапсырмалар арқылы тың жаңалықтар да ашуға болады. Ол үшін мұғалім ізденіске жетелейтін зерттеу тақырыптарын беруі керек. Окушылар арасында математика саласындағы шығармашылық сайыстарын үйымдастырып, практикалық жұмыстарға қатысу, пән бойынша олимпиадаларға, Online олимпиадаларға, әртүрлі конкурстарға қатыстыруы керек.

Дарынды окушыларды шығармашылыққа дайындаудың негізгі мақсаты: шығармашылық тапсырмаларды орындауда арқылы шығармашылық ойлау, танымдық қабілеттін дамыту болып табылады. Аталған жұмыстарды үйымдастыру окушылардың өз бетімен ізденуіне және өз бетімен ізденуіне және өздерінің логикалық ойлау түрғысынан шығармашылық жұмыстарын жүзеге асыруларына мүмкіндік береді. “Баланың шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін ең бастысы жағдайлар жасау қажет”. Окушының дарындылығының дамуы, қабілеттінің ашылуы көбінесе мұғалімнің кәсіби біліктілігне, және оның тұлғалық қасиетіне байланысты екені айдан анық.

Көбінесе “дарынды окушы – бұл жақсы оқитын окушы” деген пікір қалыптасқан. Белгілі ағылшын психология П.Торранстың зерттеулері бұл пікірдің мұғалімдер арасында жиі кездесеттінін анықтады. Оларға окуда қыыншылық туғызбайтын, тәртіпті, үйымшыл, білімді, тұрақты, ұфынтал, өз ойын нақты және түсінікті жеткізе алатын окушылар көбірек ұнайды. Ал қисынсыз сұрақ қоятын, өз жұмысымен ғана айналысадын, тәуелсіз, көбіне түсініспеушілік туғызатын, қияли, әр нәрсеге көзқарасы бөлек окушылар ұнамайды. П.Торранстың зерттеулері нақ осы қасиеттер окушының шығармашылық дарындылығын көрсететін және оның нашар оқитын окушылардың арасында да аз емес екендігін айқындаған. Сондықтан мұғалімдер осы зерттеулердің нәтижесін есте ұстаганы жөн.

Дарынды окушымен жұмыстың негізгі мақсаты - олардың шығармашылық жұмыста өзінің қабілеттін іске асыруға дайындығын қалыптастыру. Ал мақсатқа жету оқу бағдарламасын терендетіп оқыту және окушының танымдық белсенділігін дамыту арқылы жүзеге асады.

Дарынды окушымен жұмыс жүйесіндегі мұғалім маңызды орын алады. Окушының болашақтағы мамандығына байланысты, яғни кәсіби тағдыры тек қана жақсы мұғалімге байланысты.

Бұл контексте болашақ мұғалімді жаңашыл педагогтердің инновациялық тәжірибесін шығармашылық ынталану менгеру және пайдалану арқылы даярлаудың келешегі зор деп ойлаймыз.

Жаңашыл педагогтер окушының жеке тұлғалық абыройын барынша құрметтеуге, оның шығармашылық қабілеттері мен бейімділіктерін, өздігімен ойлау қабілеттін дамытуға, жағымды эмоциональдық педагогикалық үрдісті қалыптастырып, одан педагогикалық зорлықтың барлық түрін аластатуға бағытталған ізгіліктік стратегиясымен сипатталады.

Бұғынгі жас үрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу әрбір ұстаздың басты міндеті. Білім негізі мектепте қаланатын болғандықтан, окушының жеке тұлғалық күшін дамыту, оның шығармашылық мүмкіндігінің дамуы басты рөл атқарып отыр. Олай болса, қазіргі ұстаздар қауымының алдындағы үлкен мақсат: өмірдің барлық

саласындағы белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген түлға тәрбиелеу.

Бұл мақсатқа жетуде ұстаздар терең білімді, әдістемелік жағынан толық қаруланған және жоғары мәдени деңгейі болуы тиіс. Себебі, қазақ тілі пәні мұғалімі оқушылардың оқуға ынтысын оятып, олардың қабілеттерінің дамуына жол ашады. Мұғалім алғашқы сабактан бастап әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, ынтысы мен бейімділігін, оқу мен еңбекке үқыптылығын ескере отырып оку үрдісін жүргізу керек.

Біз ақпараттық қоғамда өмір сүретін жеке түлғаларды тәрбиелеп жүргенімізді міндетті түрде ескеруіміз қажет. Шығармашылықпен жұмыс істеуге қабілетті жеке түлғаны қарым-қатынас арқылы дамыту ғана емес, математиканы компьютерлік технологиясымен сәйкестендіре отырып, келешекте өз өмірлерін өнермен байланыстыра білген жан-жақты дамыған шығармашыл түлғаны тәрбиелеу ең басты фактор болып табылады. Ғылым мен техниканың тез қарқынмен дамуы оқушылардың мәдени дәрежесінің өсуі халық ағарту ісіне күн сайын жаңа білімі беру жүйесінде математиканың атқаратын ролі аз емес. Сондықтан оқушылардың математикаға дайындығын жан-жақты жетілдіру орта мектептің аса маңызды міндеттерінің бірі. Бұл міндетті шешуде мектептегі математика курсының құнделікті практикалық өмір талабына сай жаңа мазмұнда оқытылуы жеткіліксіз. Ол үшін оқыту үрдісінде сабак берудің барынша тиімді әдістерін жинақтап, оқушылардың өз бетіндік және шығармашылық қабілетін арттырумен біргесыныптан тыс жүргізілетін жұмыстарды сапалы жүргізу қажет. Оқушылардың математикалық даму дәрежесі есеп шығарудан анық байқалады. Кез келген есепті шығару оқушыдан үлкен еңбекті, ерен құшін, табандылығын, төзімділігін, сенімділігін талап етеді. Оқушыны шығармашылық іс-әрекетке бейімдейтін, ақыл ойын дамытатын құрап – логикалық қызықты есептер, қындығы мол олимпиадалық есептер, әр түрлі сайыстар. Оқушылардың логикалық ойлау қабілетінің дамуына «ресpubликалық Зерде» сайысының қосар үлесі зор. Оқушылар жоба жазу барысында ізденіп, есептерді талдап, өздері бір қорытындыға келуге тырысады. Логикалық жаттығуларды орындау біздің ақылымыз, қиялымыз, ой ұшқырлығымызды дамытады. Математика оқулықтарында логикалық есептер жоқтың қасы, олар тек шығармашылық есептер деген айдармен бірен-саран кездеседі. Сынып оқушылары бірдей емес. Олардың ішінде математиканы сүйіп оқытын, оған деген ынтысы зор оқушылар да бар. Оларды жеңіл, бірінғай жаттығулар орындау жалықтырады. Сондықтан белгілі бір ережені меңгертетін жаттығуларды орындағанда оларға қынырақ тапсырмалар беремін. Міне, осындағы тапсырмаларға логикалық есептер жатады. Себебі логикалық есептер арқылы әр оқушының ойлау қабілетінің дамуына мүмкіндік туады.

Оқу процесіндегі осындағы іс-әрекеттердің арқасында қоғам талап етіп отырған шығармашылық, логикалық ойлау қабілеті жоғары, өз ойын жүйелі түрде ашық айта алатын, қоғамға еркін сінетін, өндіріске белсене араласатын шығармашыл жеке түлға қалыптасады.

Бұғінгі күні мемлекетіміздің өркениетке жету жолындағы әр талабына тұғыр боларлықтай ұрпақ оқыту, тәрбиелеу ісін жаңа сапалық өзгерістер деңгейіне көтеруді талап етіп отыр. Мектеп құрылымында болып жатқан өзгерістер, білім беру мақсаттарының алмасуы, оның дамытушылық сипаттарының бекітілуі, көпнұсқалық оқытуға көшу сияқты мәселелер орындаушылардан шығармашылық бастамалық, жұмыстың жоғары сапасын және кәсібилікті талап етеді.

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға үмтілуды, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшүіне жол бермеу, оның рухани құшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға

көмектеседі. Өйткені адам туындығана емес жаратушы да. Бұл үлкен жауапкершілік артатын күрделі мақсат. Оны шешу үшін ең алдымен оқыту мазмұны жаңартылып, әдіс-тәсілдің озығы өмірге келуі, олар әрбір азаматтың жеке басының қасиеттерін, қабілеттерін дамытып, шығармашылығын, таланттың үштайтындай болып ұйымдастырылуы қажет. Сондаға мектептерден өз өміріне өзгеріс енгізе алатын, өз бетінше өмір сүру жолдарын тандаі алатын азаматтар тәрбиеленіп шығады. Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкеleудің жолдарын көрсету керек.

Өзіміздің тәжірибеліде оқушыларды түрлі мазмұнды есептерді шығаруға, оның шартын құра білу дағдысын қалыптастыруға, бір тапсырманың бірнеше шешімін табуға жетелейміз. Әрбір сабак қызықты есептермен аяқталуына, логикалық жаттығулардың олардың жас ерекшелігіне қарай күрделене түсініне мән береміз. Оқушы қызметін активтендіру негізінде педагогикалық технологиялардың бірі деңгейлік саралау технологиясының элементін қолданамыз. Деңгейлелеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді. Ал қызығушылық туғызудың тәсілдері өте көп. Олар:

- Математикалық сайыстар;
- Эстафеталар;
- Жарыстар;
- Олимпиадалар, тіпті жақсы дайындықпен өткізген күнделікті сабактар.

Дұрыс құрастырылған сабак оқушының ой-өрісін кеңейтеді, өзіне деген сенімін қүштейтеді.

Математика пәнін оқытуда дидактикалық принциптердің қатаң сақтап, әр оқушының жеке ерекшелігіне қарай әр түрлі формадағы оқыту, тәрбиелеу жұмыстарын тиімді жүргізу керек. Оқушылардың логикалық ой-өрісін арттыруды, оларды математикаға қызықтыруды, логикалық есептер шығарудың ерекше маңызы бар. 5 сыныпта аптасына бір рет өтетін «Логикалық есептер шығару» факультатив сабабында оқушылармен логикалық есептер шығарамыз. Атап айтсақ, ұшбұрыштарды есептеу, ыдыстардың сыйымдылығына байланысты логикалық есептер шығарып, сиқырлы шырпылар интерактивті есептер жинағымен жұмыс істейміз.

Қорытынды: Өзіміздің шығармашылық жұмысының қорытындылай келе, мұғалім – оқушының жеке тұлғалық және зияткерлік дамуын жобалауши екендігін айтқымыз келеді. Бұл мұғалімнен ақпараттық құзырлылықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікти, оқушылардың қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеуді, олардың ізденімпаздық дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін дамыту бағыттарын талап етеді. Шығармашылық —бүкіл тірішіліктиң көзі. Адам баласының сәйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Оқу процесіндегі осындағы іс-әрекеттердің арқасында қоғам талап етіп отырған шығармашылық, логикалық ойлау қабілеті жоғары, өз ойын жүйелі түрде ашық айта алатын, қоғамға еркін сінетін, өндіріске белсене араласатын шығармашыл жеке тұлға қалыптасады.

### **ПАЙДАЛЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Әбілқасымова А.Е., Көбесов А.К., Рахымбек Д., Кенеш Ә.С. «Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі». Алматы «Білім» 1998 ж
2. Дүйсенбекова «Оқушылардың танымдық әрекеттерін дамыту». Бастауыш мектеп №10. 1999ж.
3. Ю.К.Бабанский «Выбор методов обучения в средней школе». - М: Педагогика, 1981

4. Парфенов П.А. «Использование логики в системе правовых знаний». М., 1987.
5. Тұрғынбаев Ә. «Логика» А., 2000.6. Бабаева, Ю.Д. Психология одаренности детей и подростков.// Лейтес, Н.С.- М.: Академия, 1996.
6. Шадриков В.Д. О структуре познавательных способностей // Психологический журнал. 1985. Т.6. № 3. С.38-46.
7. А.Н. Леонтьев «Деятельность. Сознание. Личность». М.: Политиздат, 1975. 304 с.
8. С.Л. Рубинштейн. Основы общей психологии. М., 1989. – 322 с.
9. Ж. Аймауытов «Психология», 1926 ж.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру үлттық орталығы» АҚ филиалы  
Қарағанды облысы бойынша педагогикалық кызметкерлердің  
біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы  
*altosh\_19@mail.ru*

## **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ**

**Аннотация.** Мақалада автор білім алушылардың үй тапсырмасын орындаулары – оқу процесінің қажетті элементтерінің бірі екенін көрсетеді. Оны дұрыс үйымдастыру арқылы, сабак барысында алынған білімді пысықтауға және тереңдетуге, оқушының оқуға деген тұрақты қызығушылығын дамытуға тиімді тапсырмаларды құрастырудың жолдарын ұсынады.

**Түйінді сөздер:** үй тапсырмасы, шығармашылық ойлау, саралау, қабілеті, ізденіс, қызықты тапсырмалар.

Үй тапсырмасы — сыныптағы сабактарда кейін мұғалімнің тапсырмасы бойынша оқу және тәжірибелік жұмысты оқушының өздігінен орындаітын оку процесінің құрамдас бөлігі. Үй жұмысы оқушының бүкіл оқу жұмысының бөлінбес бір бөлігі болып табылады.

Үйге берілген тапсырмаларды оқушының үнемі орындалап, дұрыс үйымдастырып отыруы оның жақсы үлгіруіне керекті шарттың бірі болып табылады. Мектеп оқушыларының оқуды үлгірмеуіне әкеліп соғатын себептердің көп таралған бір түрі үйге берілген тапсырмаларды қанағаттанарлықсыз орындауы, ал мұның өзі көбінесе үйге берілетін тапсырманың шамадан тыс көп беруден болады.

Оқушыларға кейде ақыл-ой күшін көп жұмсауды талап ететін тапсырмалар ғана емес, тіпті дene күшін орасан мол жұмсауды керек қылатын тапсырмалар беріледі. Шамасыкелмейтін тапсырманы алған оқушылардың бірсыптырасы оларды орындауды мүлде

қояды, ал енді біреулері оны жарым-жартылап қана орындаиды, осыдан барып оқушылардың алған білімінде олқылықтар пайда болады да, сынныпта нашар оқитын оқушылар саны артады.

Мұғалім кейде үйге тапсырма бергенде өз пәнінің жүйесі тұрғысынан ғана қарап, сол күні басқа пәндерден беріліп жатқан тапсырмаларды ескермейді. Мектеп оқушыларының оқу жұмысының барлық ауырлықты үй жұмысына қарай аудару, мұғалімдерде жиі кездесетін кемшілік. Сыныпта олар тек жаң материалды ғана түсіндіреді, оны жеткілікті түрде бекітіп, пысықтап отырмайды, сондықтан оқушылар сынныпта істеуге тиісті жұмыстарды үйде орындауға мәжбүр болады. Үйге берілген тапсырмалардың көлемі жағынан үлғайып, түр жағынапн өзгеруіне байланысты оқушылар үлкен қыыншылықтарға кездеседі. Сондықтан мұғалімдер оқушыларғ үй тапсырмасын орындаудың тәртібі мен әдістерін, тиімді жолдарын түсіндіріп отыруы керек.

Білім алушылардың үй тапсырмасын орындаулары – оқу процесінің қажетті элементтерінің бірі. Оны дұрыс үйымдастыру арқылы, сабак барысында алынған білімді пысықтауға және тереңдетуге, оқушының оқуға деген тұрақты қызығушылығын арттыруға мүмкіндік пайда болады. Үй тапсырмасын тұжырымдау барысында келесі жағдайларды ескеру қажет:

– үй тапсырмаларын оқулық параграфтарын жаттап алуға және тапсырмаларды орындауға ғана пайдалануға болмайды. Шығармашылық,

эксперименттік, проблемалық сипаттағы есептерді, тапсырмаларды және жаттығуларды көбірек қолдану қажет;

– үй тапсырмаларына окушылардың өз оқу әрекеттерінің нәтижелеріне өзіндік талдау жасауға бағыттайтын тапсырма элементтерін қосу;

– үй тапсырмасына мазмұны және орындалу түрі бойынша түрлілігімен ерекшеленетін тапсырмалар беру;

– үй тапсырмасының көлемін анықтау барысында окушылардың жеке және жас ерекшеліктері міндетті турде есепке алынуы тиіс.

«Қазақстан Республикасының орта білім беру үйымдарында үй тапсырмасын үйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдам» ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 182 бұйрығымен бекітілген. Осы ұсынымдамада үй тапсырмасын дайындау мен орындау жөнінде келесі ұсыныдар көрсетілген:

1) Үй тапсырмасының уақытын қысқарту үшін 5-11-сыныптарда қосарланған сабактар өткізуге болады.

2) Үй тапсырмасын (бір оқу күніне) орындауға жұмсалатын уақыт шығынын ескере отырып, тапсырманың көлемі бойынша нормативтер өзгертулді.

3) Үй тапсырмасын орындау 2-сыныпта 50 минуттан, 3-4-сыныптарда 70 минуттан, 5-6-сыныптарда 90 минуттан, 7-9-сыныптарда 110 минуттан, 10-11-сыныптарда 130 минуттан аспауы тиіс.

4) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 179 бұйрығымен бекітілген «Білім беру обьектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптары» ережесіне оқу жылы басталғанға дейін тиісті өзгерістер енгізілетін болады.

5) Орта білім беру үйымдарының басшыларына педагогикалық қызыметкерлердің үй тапсырмасын үйымдастыру бойынша жұмыстарының кезеңділігі мен мерзімдерін басқаруды мектепішлік бақылау жоспарында, мектеп директорының бұйрығымен жыл сайын бекітіп отыру ұсынылады.

6) Үй тапсырмасын беру кезінде бастауыш сынып мұғалімдеріне, пән мұғалімдеріне:

7) сабак аясында қонырауға дейін білім алушыларды үй тапсырмасы бойынша хабардар ету;

8) үй тапсырмасын орындау бойынша нұсқау беру;

9) білім алушылардың орындастырын аз көлемді тапсырмалар (орындалуы міндетті) мен көп көлемді тапсырмаларды (орындалуы еркіті түрде) байланыстыру;

10) сабакта үй жұмысы бойынша қателермен жұмыс жүргізу ұсынылады.

Сонымен қатар үй тапсырмасын үйымдастыру кезінде:

1) орта білім беру үйымының түрі және білім алушылардың контингенті;

2) сабак кестесіне сәйкес басқа да пән бойынша берілген үй тапсырмасының көлемі;

3) жоғары сыныптарда әр сабак бойынша берілетін үй тапсырмасынан оқу тоқсанына берілген тапсырмалар жүйесіне өту мүмкіндігі (немесе бөлімді аяқтағаннан кейін);

4) бірнеше оқу мақсаттарын үйымдастыру негізінде жекелеген пәндер бойынша үй тапсырмасының оқу жобасының нысаны;

5) шығармашылық сипаттағы үй тапсырмасын орындау мерзімі (мысалы, модель жасау, жоба дайындау, еліктірігіш тарих, өз ертегісі бойынша киносценарий жазу) бір білім алушыға айна кемінде бір апта және бір тапсырмадан артық емес шегінде беру ескеріледі;

6) бейнелеу өнері, көркем еңбек, музыка, өзін-өзі тану, еңбекке баулу,

технология, алғашқы әскери дайындық, алғашқы әскери және технологиялық дайындық және дене шынықтырудан үй тапсырмасын басқа пәндермен кіріктіру ұсынылады;

7) білім алушылар сабакта оқыту мақсаттарына жетсе ("біледі", "түсінеді", "қолданады", "талдайды", "бағалайды" және "жинақтайды") үй тапсырмасын орындау қажеттілігі болмайды.

Үй тапсырмасын:

1) мерекелік және демалыс құндері (жалпы дамуы үшін көркем, қосымша әдебиеттерді оку, математикалық мектептер үшін жобалық жұмыстарорындау мен есептер шешуден басқа);

2) бақылау жұмыстарын өткізгеннен кейін;

3) бірінші сынып білім алушыларына (екінші жартыжылдықтан бастап көлемі 20 минуттан аспайтын уақытта оқу бойынша тапсырмалар болуы мүмкін) бермеу ұсынылады.

Жоғарыда берілген ұсынымдар окуши үй тапсырмасына қатысты әлемдегі ахуалға және үй тапсырмасын орындау уақытын белгілеудің халықаралық тәжірибесіне шолу жасалып ұсынылды.

Окуши үй тапсырмасына қатысты әлемдегі ахуал:

- Үй тапсырмасы барлық жерде бар, әдетте мектептен тыс орындалады
- Көптеген елдерде үй тапсырмасына неғұрлым көп уақыт бөлінсе, үлгерім соғұрлым жоғары болады
- Дамыған елдерде үй тапсырмасына апта бойы жұмсалатын уақыт орташа есеппен 6 дан 5 сағатқа дейін азайған (ЭЫДҰ, 2003-2012жж.)
  - Үй тапсырмасын орындау уақытын белгілеудің халықаралық тәжірибесі
  - Бала өсken сайын үй жұмысын тиімдірек орындайды
  - Үй жұмысына 2 не 4 сағаттан артық уақыт жұмсау тиімсіз
  - «10 минутты қосу ережесі»

Сынып	Норма	Сынып	Норма
1	10 мин.	7	1 сағ. 10 мин.
2	20 мин.	8	1 сағ. 20 мин.
3	30 мин.	9	1 сағ. 30 мин.
4	40 мин.	10	1 сағ. 40 мин.
5	50 мин.	11	1 сағ. 50 мин.
6	1 сағ.	12	2 сағ.

Дамыған елдерде (ЭЫДҰ) апта бойы үй тапсырмасын орындауға кететін орташа сағат саны 4,9, Қазақстанда оқушылар бұдан екі есе көп уақыт жұмсайды (8,8).

Зерттеулерге сүйене отырып, бір қунге үй тапсырмасын орындау үшін ұсынылатын уақытты 40%-ға, яғни әр сыныпта 1 сағаттан қысқарту арқылы үй тапсырмасын орындаудың уақыт нормасы тәмендегі кестеді көрсетілгендей берілді.

Сынып	Үй тапсырмасын орындаудың уақыт нормасы
2-3	45 мин.
4-5	1 сағ.
6-8	1,5 сағ.
9-11	2 сағ.

Үй тапсырмаларының көлемін қысқартып, тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін педагогикалық әдістер

Тәмендегілер бойынша кіріктірілген YT енгізу:

- бастауыш мектептің өтпелі тақырыптары;
- бір сала пәндеріне ортақ оқу мақсаттары;
- әртүрлі сала пәндеріне ортақ оқу мақсаттары

Тәмендегілер бойынша YT қажеттілігін анықтау:

- тақырыптар мен бөлімдер,
- сабак түрлері,
- оқу мақсаттарына жету деңгейі

Күн сайынғы YT-меншектелмей, ұзақ мерзімге де тапсыру: 2 аптаға, 1 айға, тоқсанға, жартыжылдыққа (окушылар топтарына жобалық іс-әрекет ретінде).

YT оңтайлау үшін оның көлемі мен мазмұнын жоспарлауды, әдіс тандауды мұғалімдердің бірлесіп істеуі керек

Жаңартылған МЖБС пен оқу бағдарламаларында бастауыштың барлық пәндері мен негізгі мектептің тілдік пәндері бойынша өтпелі (ортак) тақырыптар қарастырылған.

Қолданыстағы МЖБС пен оқу бағдарламалары жағдайында тізбекті (ұзақмерзімді) жоспарды құрып, YT үшін мазмұны жақын тақырыптарды анықтауға болады

Математика курсының пәндері (алгебра, геометрия) мен тілдік пәндер (қазақ, орыс, ағылшын) көздейтін білім-білікті жаратылыстану, география, физика, тарихты оқу мақсаттарына жетудің тетігі ретінде пайдаланған жөн

Кіріктірілген YT бірнеше пән мұғалімі бірігіп өткізетін сабактардада, жеке өтетін сабактардада беруге болады.

Оқушының үйдегі оқу жұмысын сынныптағы оқу жұмысымен жалғастырып, толықтырып отырса, онда онда олардың алған білімдері терең және берік болады. Оның маңызы оқыту жұмысын үйімдастырудың сабактың басқа түрлеріне қарағанда ерекше. Бұл жұмыстың танымдық қызметімен бірге оның тәрбиелік мәні зор. Себебі, үй жұмысын күнделікті орындау барысында оқушылардың дербестігі, ойлау қабілеті артып, өздігінен білім алуға жүйелі түрде дағдыланады, сабакта алған білімдері мен біліктіліктерін өзіндік еңбекте қолдана білуге жаттығады. Өзін-өзі бақылау және кітаппен жұмыс істей білу тәсілдерін менгереді, оқудың әртүрлі амал-тәсілдерін қолдана отырып, өз бетінше баяндама жасауға дайындалады. Соның негізінде білім мен біліктілік өте берік менгеріледі, оқышиның ақыл-ой әрекетінің жеке дара дәстүрі қалыптасады.

Үй тапсырмалары мұғалімнің қатысынсыз орындалатын болғаннан кейін, олар ата-аналармен тығыз қарым-қатынаста болып, оларға оқушылардың үйде орындастырылуға көмектесіп отырулары үшін үнемі әдістемелік түрғыдан басшылық жасап отырғаны жөн.

Үй тапсырмасын беруде оқушыларға шамадан артып кетудің алдын алу жолдарына қойылатын талаптар мынадай болса:

а) оқытылатын жаңа материалды оқушыларға негізінен сабак үстінде менгертуді міндес етіп қоя отырып, әрбір сабактың сапасы арттырылса.

ә) оқушыларға үйге берілетін тапсырмалар шамадан тыс көп болмасын, ол үшін үйге берілетін әрбір тапсырманың мөлшерленуі қатты қадағаланса, үйге берілетін тапсырманың мазмұны оны орындаудың тәртібі мен әдістері оқушыларға сабак үстінде түсіндіріліп, өздігінен жұмыс істеге дағдыландырылып тәрбиеленсе демекпін.

## **ПАЙДАЛЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:**

1. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты [Электрондық ресурс] Қолжетімділік коды <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500000327>
2. «Қазақстан Республикасының орта білім беру үйымдарында үй тапсырмасын үйимдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдам» ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 182 бұйрығымен бекітілген.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 179 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптары».
4. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарына арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 21 шілде №463 қаулысымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары.– Астана, 2016.

## АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Женістан Жаңагұл Өнімбекқызы	Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақадыр кенті, А.Ермеков атындағы ЖОББМ базасындағы тірек мектебінің (РО), физика пәні мұғалімі
Ибрагимова Гульнара Каиржановна	«Өрлеу» біліктілікті арттыру үлттық орталығы» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша педагогикалық кызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының кафедра менгерушісі
Күшнір Марина Петровна	п.ғ.к., «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ мектепке дейінгі тәрбие және тұлғаны әлеуметтендіру кафедрасының менгерушісі
Казтаев Рахат Кайратович	Қарағанды қаласы, «№101 мектеп-лицейінің» ҚММ директоры
Кайырбекова Жанара Бериковна	Алматы қаласындағы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі
Куандық Жансая Курмангазықызы	Қарағанды қаласы, «№93 гимназия» ҚММ, математика пәні мұғалімі
Киселева Наталья Васильевна	РФ, Ярославль облысы, Ярославль қаласы Мемлекеттік қосымша кәсіби білім беру автономдық мекемесі «Білімді дамыту институты», әдіскері
Муқанова Саулеш Димкешовна	п.ғ.д., «Өрлеу» «БАҰО» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша ПҚ БАИ директоры
Смагулова Шарбат Каирбековна	Қарағанды қаласы, «№93 гимназия» ҚММ, математика пәні мұғалімі
Шадетова Алтынгүль Кенесовна	«Өрлеу» біліктілікті арттыру үлттық орталығы» АҚ филиалы Қарағанды облысы бойынша педагогикалық кызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының аға оқытушысы

## СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

Женістан Жаңагүл Өнімбекқызы	учитель физики, КГУ ОШ им.А.Ермекова, п.Агадыр, Шетский район
Ибрагимова Гульнара Каиржановна	заведующая кафедрой Управления и качества образования филиала АО «НЦПК «Өрлеу» Институт повышения квалификации педагогических работников по Карагандинской области
Кушнир Марина Петровна	к.п.н., заведующая кафедрой дошкольного воспитания и социализации личности филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Казтаев Рахат Кайратович	директор КГУ «Школа-лицей №101», г.Караганда
Кайырбекова Жанара Бериковна	АОО НИШ химико-биологического направления, г.Алматы
Куандық Жансая Курмангазыкызы	учитель математики, КГУ «Гимназия №93», г.Караганда
Киселева Наталья Васильевна	методист, Государственное автономное учреждение дополнительного профессионального образования Ярославской области «Институт развития образования», г.Ярославль, РФ
Муканова Саулеш Димкешовна	д.п.н., директор филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области
Смагулова Шарбат Каирбековна	учитель математики, КГУ «Гимназия №93», г.Караганда
Шадетова Алтынгуль Кенесовна	старший преподаватель кафедры дошкольного воспитания и социализации личности филиала АО «НЦПК «Өрлеу» ИПК ПР по Карагандинской области